

**«Тай-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен  
компаниясы» АҚ**

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған  
қаржылық есептілік (аудиттелмеген)**

*2019 жылды 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша  
аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық  
есептілікті шолын тексерудің нәтижелері бойынша  
қорытындымен бірге*

# **«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

## **МАЗМУНЫ**

2019 ЖЫЛФЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ  
ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2019 ЖЫЛФЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛЫП ТЕКСЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША  
ҚОРЫТЫНДЫ

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (АУДИТТЕЛМЕГЕН)**

Қаржылық жағдай туралы аралық қыскартылған шоғырландырылған есеп .....	1-2
Пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы аралық қыскартылған шоғырландырылған есеп .....	3-4
Акшалай каражаттың козгалысы туралы аралық қыскартылған шоғырландырылған есеп .....	5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қыскартылған шоғырландырылған есеп .....	7
Аралық қыскартылған шоғырландырылған каржылық есептілікке катысты ескертулер .....	8-29

## «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯКТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Tay-Ken Samuryk» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес үйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») басшылығы 2019 жылғы 30 маусымдағы Топтың қаржылық жағдайын, сол күні аяқталған алты ай ішіндегі оның қызметінің нәтижелерін, ақшалай қаражатының козғалысын және капиталындағы өзгерістерді 34-ші Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына («34-ші ХҚЕС») сәйкес барлық елеулі аспектілерінде анық бейнелейтін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық келесілерге жауапты:

- бухгалтерлік есеп қағидаларын дұрыс таңдау және оларды дәйекті пайдалану;
- акпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы мәліметтерді орынды, анық, салыстырмалы және түсінікті нысанда ұсыну;
- максатка сәйкес келетін бағалау мен жорамалдарды колдану;
- 34-ші ХҚЕС талаптарының орындалуы Топтың қаржылық ахуалы мен оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне қандай да бір мәмілелердің, сондай-ак өзге оқигалар мен жағдайлардың тигізетін әсері аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылардың түсінүіне жеткіліксіз болған жағдайда косымша акпаратты ашып көрсету; және
- Топтың үздіксіз қызметін көз жетерлік болашакта жалғастыру кабілетін бағалау.

Басшылық сонымен катар келесілерге де жауапты:

- Топтың тиімді және сенімді ішкі бакылау жүйесін әзірлеу, енгізу және оның қызметін камтамасыз ету;
- Топтың қаржылық жағдайы туралы акпаратты кез келген сәтте, әрі жеткілікті дәрежедегі дәлдікте әзірлеуге және аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 34-ші ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін камтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін колдана;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүргізу;
- Топтың активтерінің сакталуын камтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар колдану; және алаяктық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

Топтың 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін басшылық 2019 жылғы 7 тамызда бекітті.

Экономика және каржы жөніндегі бас директор



Куаншалиев Б. С.

Бас бухгалтер

Альпищева А. Ж.

*A. Alpisheva*



# Grant Thornton

An instinct for growth™

#### Grant Thornton ЖШС

Әл-Фараби даңғылы, 15

Нұрлы Тау БО 48

Офис 2103

Алматы

050059

T +7 (727) 311 13 40

almaty@kz.gt.com

[www.grantthornton.kz](http://www.grantthornton.kz)

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛЫП ТЕКСЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРИ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

«Tay-Ken Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

### Кіріспе

Біз 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қыскартылған шоғырландырылған есепті, сондай-ак сол күні аяқталған алты ай бойынша пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың козгалысы туралы тиісті аралық қыскартылған шоғырландырылған есептерді, және аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме ескертудерді камтитын «Tay-Ken Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») коса тіркелген аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу тексерісін жүргіздік. Басшылық осы аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің «Аралық қаржылық есептілік» 34-ши Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына (бұдан әрі «34-ши ХБЕС») сәйкес дайындалуы мен анық ұсынылуы үшін жауапкершілік көтереді. Біздін жауапкершілігіміз өзіміз жүргізген шолу тексерісінің негізінде осы аралық қыскартылған жеке қаржылық есептілік бойынша қорытынды жасау болып табылады.

### Шолу тексерісінің қолемі

Біз шолып тексеруді шолу тексерісіне колданылатын «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындаған аралық қаржылық акпаратты шолып тексеру» деген 2410-шы халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеруге бірінші кезекте қаржы мәселелері және бухгалтерлік есеп мәселелері үшін жауапты тұлғаларға сұрау салуды жіберу, сондай-ак шолу тексерісі аясында талдампаздық және өзге де рәсімдерді колдану кіреді. Шолу тексерісінің қолемі Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттен айтарлықтай аз, сондыктан шолу тексерісі аудит жүргізу барысында анықталуы мүмкін болатын барлық елеулі фактілер бізге мәлім болады деген сенімділік алушымызға мүмкіндік бермейді. Демек, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

## Қорытынды

Өзіміз жүргізген шолу тексерісінің негізінде біз қоса тіркелген «Tay-Ken Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы АҚ-ның аралық қыскартылған шоғырландырылған каржылық есептілігі барлық елеулі аспектіде 34-ші ХБЕС-ке сәйкес дайындалған жок деп пікір айтудымызға негіз болатындағы фактілерді аныктаган жокпыш.

*Grant Thornton LLP*



«Grant Thornton» ЖШС-нің  
Бас директоры/Аудиторы  
Ержан Досымбеков  
Казакстан Республикасының  
Квалификацияланған аудиторы  
2012 жылғы 20 қаңтарда берілген №МФ-0000069  
біліктілік күдігі

Казакстан Республикасы аумағында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған, Қазакстан  
Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі  
мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы 3 тамызда  
берген №18015053 мемлекеттік лицензия (бастапкы  
берілген күні – 2011 жылғы 27 шілде)

2019 жылғы 7 тамыз  
Казакстан Республикасы, Алматы қаласы

**«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҮЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ  
АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

Мын тенге	Ескерту	2019 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2018 жылғы 31 желтоқсан
<b>Ұзак мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	3	<b>67,625,413</b>	62,180,591
Материалдық емес активтер	4	<b>47,108,795</b>	52,752,009
Барлау мен бағалау бойынша активтер		–	3,302,015
Кауымдастырылған компанияга салынған инвестициялар	5	<b>431,865,870</b>	483,722,801
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		<b>1,216,639</b>	1,213,257
Кейінге калдырылған салық активтері		<b>1,641,179</b>	965,880
Тауарлы-материалдық корлар		<b>3,259,039</b>	2,310,181
Инвестициялық бағалы қағаздар	7	<b>2,007,622</b>	5,439,249
Өзге де ұзак мерзімді активтер	8	<b>10,511,162</b>	9,808,286
		<b>565,235,719</b>	<b>621,694,269</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Тауарлы-материалдық корлар	6	<b>27,774,013</b>	23,516,693
Дебиторлық берешек		<b>2,048,188</b>	650,724
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		<b>52,343</b>	51,298
Өзге де ағымдағы активтер		<b>1,622,615</b>	1,457,899
Қыска мерзімді банктік салымдар	10	<b>564,444</b>	3,664,166
Акшалай каражат және оның баламалары	9	<b>7,679,694</b>	5,043,644
		<b>39,741,297</b>	<b>34,384,424</b>
Сатуға арналған активтер		<b>749,720</b>	<b>2,324,608</b>
<b>АКТИВТЕР, БАРЛЫҒЫ</b>		<b>605,726,736</b>	<b>658,403,301</b>

**КАПИТАЛ ЖӘНЕ МИНДЕТТЕМЕЛЕР**

**Капитал**

Жарғылық капитал	11	<b>252,874,907</b>	252,874,907
Үлестірілмеген пайда		<b>42,497,560</b>	91,177,956
Капиталдың өзге де құрамдастары		<b>279,787,774</b>	284,402,251
Негізгі ұйымның акционеріне тиесілі капитал		<b>575,160,241</b>	628,455,114
Бакыланбайтын катысу үлестері		<b>126,569</b>	127,770
<b>КАПИТАЛ, БАРЛЫҒЫ</b>		<b>575,286,810</b>	<b>628,582,884</b>

**«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДАФЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)**

Мын тенге	Ескерту	2019 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2018 жылғы 31 желтоқсан
<b>Ұзак мерзімді міндеттемелер</b>			
Алынған несиeler		1,781,150	1.552.138
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	12	5,948,862	5,793,232
Кейінге калдырылған корпоративтік салық бойынша міндеттеме		10,176,025	10,246,454
Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер		431,645	–
Өзге де ұзак мерзімді міндеттемелер		382,011	298,049
		18,719,693	17,889,873
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Кредиторлық берешек	12	5,414,256	4,660,120
Шарт бойынша міндеттемелер	13	4,921,164	2,379,519
Төленетін дивидендтер		–	3,600,477
Өзге де ағымдағы міндеттемелер		1,371,935	1,285,701
		11,707,355	11,925,817
Сатуға арналған активтерге тікелей байланысты міндеттемелер		12,878	4.727
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР, БАРЛЫГЫ</b>		<b>30,439,926</b>	<b>29,820,417</b>
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, БАРЛЫГЫ</b>		<b>605,726,736</b>	<b>658,403,301</b>

8-29-беттердегі түсіндірме ескерттулер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас болғын табылады.

Экономика және каржы жөніндегі бас директор



Куаншалиев Б. С.

Бас бухгалтер

Альпишева А.Ж.

2019 жылғы 7 тамыз  
Казахстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

**«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ МЕН АЛТЫ АЙ ІШІНДЕГІ ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОФЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

Мың тенге	Ескерту	<b>30 маусымда аяқталған алты ай ішінде</b>		<b>30 маусымда аяқталған үш ай ішінде</b>	
		<b>2019 жылы</b> <b>(аудиттелмеген)</b>	<b>2018 жылы</b> <b>(аудиттелмеген)</b>	<b>2019 жылы</b> <b>(аудиттелмеген)</b>	<b>2018 жылы</b> <b>(аудиттелмеген)</b>
Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім	14	171,638,033	118,907,090	98,431,882	71,236,892
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	15	(170,035,253)	(118,246,037)	(97,807,470)	(70,772,401)
<b>Жалпы пайда</b>		1,602,780	661,053	624,412	464,491
Жалпы және әкімшілік шығыстар		(1,966,945)	(1,668,175)	(1,108,321)	(910,480)
Өткізу бойынша шығыстар		(180,709)	(167,190)	(101,607)	(101,391)
<b>Операциялық залал</b>		(544,874)	(1,174,312)	(585,516)	(547,380)
Каржылық табыстар		347,195	1,433,472	135,442	1,010,577
Каржылық шығыстар		(296,154)	(253,135)	(157,066)	(106,929)
Кауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлес	5	26,429,764	25,626,874	16,494,488	9,072,093
Өзгे де операциялық емес табыстар		452,942	886,309	383,394	803,043
Өзгे де операциялық емес шығыстар		(384,953)	(350,282)	(264,591)	250,465
Каржылық активтердің күнсиздануынан болған залалды калпына келтіру/(есептеу)		383,816	(204,384)	87,341	(204,384)
Каржылық активтердің күнсиздануынан болған залалды есептеу	16	(11,972,853)	(1,772,989)	(11,982,515)	(1,751,037)
Багамдық айырмадан келген таза табыс		65,630	595,815	77,408	1,374,762
<b>Салық салынғанға дейін кезең ішінде алынған пайда</b>		14,480,513	24,787,368	4,188,385	9,901,210
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар		(22,429)	(2,620)	(13,857)	(1,141)
<b>Кезең ішінде алынған пайда</b>		14,458,084	24,784,748	4,174,528	9,900,069
<b>Төмендегілерге тиесілі кезең ішіндеі пайда:</b>					
Бас компанияның акционеріне		14,459,285	24,793,835	4,174,982	9,908,695
Бакыланбайтын катысу улестеріне	11	(1,201)	(9,087)	(454)	(8,626)

**«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ МЕН АЛТЫ АЙ ІШІНДЕГІ ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛФАСЫ)**

Мын тенге	Ескерту	<b>30 маусымда аяқталған алты ай ішінде</b>		<b>30 маусымда аяқталған үш ай ішінде</b>	
		<b>2019 жылы</b> <b>(аудиттелмеген)</b>	<b>2018 жылы</b> <b>(аудиттелмеген)</b>	<b>2019 жылы</b> <b>(аудиттелмеген)</b>	<b>2018 жылы</b> <b>(аудиттелмеген)</b>
<b>Өзге де жиынтық залал</b> Кейіннен пайдаға немесе залалға кайта жіктеуге жататын баптар:					
<i>Инвестицияларды есептіліктің валютасына қайта есептедің бағамдық айырмалары</i>	5	<b>(4,614,477)</b>	8,602,367	<b>558,000</b>	26,832,580
<b>Кезең ішіндегі өзге де жиынтық (залал) / табыс</b>		<b>(4,614,477)</b>	8,602,367	<b>558,000</b>	26,832,580
<b>Кезең ішіндегі өзге де жиынтық табыс, барлығы:</b>		<b>9,843,607</b>	<b>33,387,115</b>	<b>4,732,528</b>	<b>36,732,649</b>
<b>Төмендегілерге тиесілі кезең ішіндегі жиынтық табыс, барлығы:</b> Бас компанияның акционеріне		<b>9,844,808</b>	33,396,202	4,732,982	36,741,275
Бакыланбайтын катысу үлестеріне	11	<b>(1,201)</b>	<b>(9,087)</b>	<b>(454)</b>	<b>(8,626)</b>
		<b>9,843,607</b>	<b>33,387,115</b>	<b>4,732,528</b>	<b>36,732,649</b>

*8-29-беттердегі түсіндірме ескертулер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас болігі болып табылады.*

Экономика және каржы жөніндегі бас директор

Куаншалиев Б. С.

Бас бухгалтер

Альпишева А.Ж.



2019 жылғы 7 тамыз

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

**«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІНДЕГІ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ  
ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

Мың тенге	Ескерту	30 маусымда аяқталған алты ай ішінде		
		2019 жылы (аудиттелмеген)	2018 жылы (аудиттелмеген)*	
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:</b>				
Сатып алушылардан келген ақшалай түсімдер				
Өзге де ақшалай түсімдер		172,625,076	119,617,350	
Алынған пайыздар		753,147	2,513,188	
Жеткізушилерге ақшалай төлемдер		120,463	1,107,170	
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(173,112,004)	(116,760,705)	
Тәленген табыс салығы		(1,549,260)	(1,385,887)	
Тәленген табыс салығы		(207,021)	(74)	
Өзге де салыктар мен төлемдер		(732,175)	(741,364)	
Өзге де төлемдер		(307,764)	(951,761)	
<b>Операциялық қызметте (пайдаланылған) /алынған акшалай қаражат</b>		<b>(2,409,538)</b>	<b>3,397,917</b>	
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:</b>				
Негізгі құралдарды сатып алу				
Басқа ұзак мерзімді активтерді сатып алу		(1,829,325)	(3,569,574)	
Басқа ұзак мерзімді активтерді сатудан алынған түсімдер		(6,334,207)	(6,242,681)	
Материалдық емес активтерді сатып алу		–	1,041,600	
Барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(2,040)	(22,684)	
Кауымдастырылған компаниядан алынған дивидендтер	5	73,672,218	67,311,600	
Банктік салымдарды орналастыру		(3,517,284)	(13,948,951)	
Банктік салымдарды жабу		6,425,917	16,208,490	
<b>Инвестициялық қызметтен алынған ақшалай қаражат</b>		<b>68,415,279</b>	<b>60,402,686</b>	

**«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҮЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯКТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІНДЕГІ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ  
ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП  
(ЖАЛҒАСЫ)**

Мын тенге	Ескерту	30 маусымда аяқталған алты ай ішінде	2019 жылы (аудиттелмеген)	2018 жылы (аудиттелмеген)*
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНГАН АҚША АҒЫНДАРЫ:</b>				
Акционерден алынған несиені төлеу		–	(7,746,811)	
Несие бойынша түсімдер		243,403	–	
Төленген дивидендер	11	(63,600,477)	(45,000,000)	
Өзге де толемдер		(63,206)	–	
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражат</b>		<b>(63,420,280)</b>	<b>(52,746,811)</b>	
<b>Ақшалай қаражаттың және оның баламаларының таза өзгеруі</b>		<b>2,585,461</b>	<b>11,053,792</b>	
Айырбас бағамының өзгеруінің ақшалай қаражатка және оның баламаларына әсері		87,888	334,888	
Ақшалай қаражат және оның баламалары бойынша 9-шы ХКЕС-ті колданудың әсері		–	(115,203)	
9-шы ХКЕС бойынша ақшалай қаражат және оның баламалары бойынша құнсыздандуды (есептеп жазу)/калпына келтіру	9	(37,299)	100,579	
Кезеңнің басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	9	5,043,644	22,360,756	
<b>Кезеңнің аяғындағы ақшалай қаражат және оның баламалары</b>	<b>9</b>	<b>7,679,694</b>	<b>33,734,812</b>	

\* 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі ақшалай қаражаттың козгалысы туралы есеп 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айға арналған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынылған есепке сәйкес келмейді, себебі Компания 2-ескертуде көрсетілгендей, ақшалай қаражаттың козгалысы туралы есепті ұсыну әдісін өзгертті.

8-29-беттердегі түсіндірмеле ескертулер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің  
ажырамас болігі болып табылады.

Экономика және каржы жөніндегі бас директор



Куаншалиев Б. С.

Бас бухгалтер

Альпищева А.Ж.

2019 жылғы 7 тамыз  
Қазакстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

**«ТАУ-КЕН САМУРЫК» ҰЛТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДА АЯКТАЛГАН АЛТЫ АЙ ШИНДЕГИ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРИСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСКАРТЫЛГАН  
ШОФЫРЛАНДЫРЫЛГАН ЕСЕП**

Мын тегіне	Егергү	Негізгі үйманның акционерлік пайда	Барлығы	Бақылаудай-тын қалысұ Челгері	Капитал, барлығы
	Жарылған капитал	Капиталдың өзге діс курамасындары	Үлестірілген пайда		
<b>Бұрын көрсетілгендей 2018 жылғы 1 кварталда</b>	<b>252,874,907</b>	<b>223,340,451</b>	<b>114,582,487</b>	<b>590,797,845</b>	<b>50,625</b>
<i>9-шы ҮКЕС-тің қолданылған дәсери</i>	—	—	(325,108)	(325,108)	—
<b>2018 жылғы 1 кварталда (кайта есептелген)</b>	<b>252,874,907</b>	<b>223,340,451</b>	<b>114,257,379</b>	<b>590,472,737</b>	<b>50,625</b>
Кезең ішіндегі пайда (зала) (аудителмен)	—	—	24,793,835	24,793,835	(9,087)
Озге де жиынтық табыс (аудителмен)	—	8,602,367	—	8,602,367	—
<b>Кезең ішіндегі жиынтық табыс/(зала), барлығы (аудителмен)</b>	<b>—</b>	<b>8,602,367</b>	<b>24,793,835</b>	<b>33,396,202</b>	<b>(9,087)</b>
Дивидендер (аудителмен)	11	—	—	(45,000,000)	(45,000,000)
Акционермен жүргізілген өзге операциялар (аудителмен)	—	—	—	(4,594,196)	(4,594,196)
<b>2018 жылғы 30 маусымда (аудителмен)</b>	<b>252,874,907</b>	<b>231,942,818</b>	<b>89,457,018</b>	<b>574,274,743</b>	<b>41,538</b>
<b>2019 жылғы 1 кварталда</b>	<b>252,874,907</b>	<b>284,402,251</b>	<b>91,177,956</b>	<b>628,455,114</b>	<b>127,770</b>
Кезең ішіндегі пайда (зала) (аудителмен)	—	—	14,459,285	14,459,285	(1,201)
Озге де жиынтық зала (аудителмен)	—	(4,614,477)	—	(4,614,477)	—
<b>Кезең ішіндегі жиынтық табыс/(зала), барлығы (аудителмен)</b>	<b>—</b>	<b>(4,614,477)</b>	<b>14,459,285</b>	<b>9,844,808</b>	<b>(1,201)</b>
Дивидендер (аудителмен)	11	—	—	(60,000,000)	(60,000,000)
Салық асерін шектердегі инвестициялық бағалы қатар бойынша дисконти (аудителмен)	—	—	(3,139,681)	(3,139,681)	(3,139,681)
<b>2019 жылғы 30 маусымда (аудителмен)</b>	<b>252,874,907</b>	<b>279,787,774</b>	<b>42,497,560</b>	<b>575,160,241</b>	<b>126,569</b>
					<b>575,286,810</b>

8-29-беттердегі түснідерде ескертулуп осы аралық қысқартылған  
шоғырлаптырылған қаржылық есемшеліктердің алдыңғы табада болып табылады.



Экономика және каржы жөніндегі бас директор

Бас бухгалтер

Куанишиев Б. С.

*Артур*

Альпищева А.Ж.

2019 жылғы 7 тамыз  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

# «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

## 2019 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯКТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Tay-Ken Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Tay-Ken Самұрық» немесе «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қантардағы №10 Қаулысына сәйкес құрылып, 2009 жылғы 2 ақпандың ретінде тіркелді.

2019 жылғы 30 маусымдағы және 2018 жылғы 31 желтоксандығы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. Самұрық-Қазына корының жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Осы аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес үйимдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») қаржылық есептілігін қамтиды.

Компанияның тіркелген офисі мына мекенжайда орналаскан: Е-10 көшесі, 17/10, Нұр-Сұлтан қаласы (Астана), Қазақстан Республикасы.

2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың қызметкерлерінің саны 1,322 адам болды (2018 жылғы 31 желтоксан: 1,345 адам).

2019 жылғы 30 маусымдағы және 2018 жылғы 31 желтоксандығы жағдай бойынша мына компаниялар Топтың еншілес үйимдары болып табылған:

Компания	Қызметтінің тұрпаты	Аймак	2019 жылғы 30 маусым	2018 жылғы 31 желтоксан
«Logic Business» ЖШС	«Қазцинк» ЖШС-іне салынған инвестицияны басқару	Нұр-Сұлтан	<b>100.00%</b>	100.00%
«Logic Invest Capital» ЖШС	«Қазцинк» ЖШС-іне салынған инвестиацияны басқару	Нұр-Сұлтан	<b>100.00%</b>	100.00%
«Дана» инвестиция үйі» ЖШС	«Қазцинк» ЖШС-іне салынған инвестиацияны басқару	Нұр-Сұлтан	<b>100.00%</b>	100.00%
«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ	Араласкан корғасын-мырыш кенін барлау, өндіру және өндеу	Қызылорда облысы	<b>100.00%</b>	100.00%
«Tay-Ken Алтын» ЖШС	«Аффинаж өндірісін құру және оны минералды-шикізат базасымен камтамасыз ету» инвестиациялық жобасының үйлестірушісі	Нұр-Сұлтан	<b>100.00%</b>	100.00%
«Солтүстік Қатпар» ЖШС	Вольфрам өндіру	Караганды облысы	<b>100.00%</b>	100.00%
«Tau-Ken Mining» ЖШС	Тұсті металл кен орындарын барлау	Алматы облысы	<b>100.00%</b>	100.00%
«Tau-Ken Temir» ЖШС	Металлургиялық кремнийді және жанама өнімдерді өндіру	Караганды облысы	<b>100.00%</b>	100.00%
«Алайғыр БК» ЖШС	Полиметалл рудасын өндіру	Караганды облысы	<b>100.00%</b>	100.00%
«Tay-Ken Проект БК» ЖШС	Мыс, алтын және ілеспе күрамдастарды барлау	Мыс облысы	<b>100.00%</b>	100.00%
«Шокпар-Гагарин» ЖШС	Күрамында алтыны бар руда кен орындарын барлау	Караганды облысы	<b>100.00%</b>	100.00%
«Tay-Ken Прогресс» ЖШС	Тұсті металл кен орындарын барлау	Жамбыл облысы	<b>100.00%</b>	100.00%
«Масальский ТБК» ЖШС	Темір рудасын игеру және өндіру	Ақмола облысы	<b>93.00%</b>	93.00%
«Silicon mining» ЖШС	Желілік кварц өндіру	Нұр-Сұлтан	<b>100.00%</b>	100.00%
«SARECO» ЖШС	Жерде сирек кездесетін металдарды өндіру	Ақмола облысы	<b>100.00%</b>	100.00%

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ директорлар кенесінің Топтың толық меншігіндегі еншілес үйим болып табылатын «SARECO» ЖШС компаниясын сату туралы шешім кабылдағанын жариялады. 2019 жылғы 30 мамырда Топ үшінші тараппен сатып алу-сату шартын жасасты. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «SARECO» ЖШС компаниясы сатуға арналған активтер күрамында жіктелді.

# «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТҮЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

### Негізгі қызметі

Компанияның қызметінің негізгі бағыттарына мына төмендегілер кіреді:

- Қатты пайдалы қазбаларды барлау, игеру, өндіру, өңдеу және өткізу саласындағы қызметті жүзеге асыру;
- Қазакстан Республикасының минералды шикізат кешенін ұдайы жаңғыруту;
- Жаңа технологияларды ендіру арқылы Қазакстан Республикасының тау-кен индустриясының әлеуетін дамыту және жер койнауын пайдалану жобаларын іске асyруға мемлекеттің катысуының тиімділігін арттыру.

## 2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

### Дайындау негізі

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай кезеңіне арналған аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік «Аралық қаржылық есептілік» 34-ші ХКЕС-ке (IAS) сәйкес дайындалды.

Аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте жылдық қаржылық есептілікте ашылуға тиіс болатын бүкіл мәліметтер мен деректер камтылмаған, және де ол 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігімен жиынтықта қарастырылуға тиіс.

### Дайындау қағидаттары

Аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік кейбір қаржы құралдарын коспағанда, бастапқы құны негізінде дайындалды.

Топтың аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазакстан тенгесімен (бұдан әрі – «тенге») көрсетілген. Топтың аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы мен презентациясының валютасы тенге болып табылады, тек бұған функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылатын оның қауымдастырылған ұйымының аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі жатпайды. Осы аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы ескертілген жағдайлардан басқа, мынга дейін ыкшамдалған.

### Үздікес қызмет қағидаты

Осы аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік 34-ші ХКЕС-ке сәйкес, Топ үздікес қызмет қағидатын катан ұстанады деген жорамал негізге алына отырып әзірленді. Бұл көз жетерлік болашакта оның дағдылы шаруашылық қызметі барысында активтерді сату мен міндеттемелерді өтеуді керек етеді. Топтың басшылығының ойынша, Топ өз міндеттемелерін уактылы өтеу үшін жеткілікті мөлшерде ақшалай қаражат таба алады. Топтың басшылығында оны таратуға немесе қызмет ауқымын айтарлықтай қыскартуға деген ниет те, кажеттілік те жок.

### Есептеу қағидаты

Осы аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес дайындалған. Есептеу қағидаты бойынша шаруашылық операциялардың нәтижелерінің, сондай-ақ төлем уакытына қарамастан оқиғалардың жасалу фактісі бойынша олардың танылуы топшыланады. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте бейнеленіп, тиісті кезеңдердің аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне кіргізіледі.

## «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

### 2019 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТҮЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

#### 2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

##### Шетел валютасын кайта есептөу

Казакстан кор биржасында (бұдан ері – «ҚҚБ») калыптасқан орташа есептелген айырбас бағамдары Казакстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті құру кезінде Топ пайдаланған ҚҚБ валюта айырбас бағамдары мынадай:

	2019 жылғы 30 маусым	2018 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	380.53	384.2
Ресей рублі	6.04	5.52
Евро	433.08	439.37

##### Есеп саясатындағы түзетулер және акпаратты ашу қағидаттары

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайында барысында Топ операциялық қызметтөн келген акша ағындарын көрсету әдісін өзгерту туралы шешім кабылдады.

2019 жылғы 1 кантардан бастап Топ операциялық қызметтөн келген акша ағындарын тұра көрсету әдісін пайдаланады, өйткені бұл әдіс пайдаланушыларға операциялық қызметтөн келген акша ағындары туралы сенімді және негұрлым орынды акпараттың ұсынылуын камтамасыз етеді, ал жанама әдіс пайдаланылатын жағдайда ол колжетімді болмайды. Соның нәтижесінде Топ тұра әдісті пайдалану арқылы 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі акшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті кайта есептеді.

**Топ алғаш рет колданған жана стандарттар, түсіндірмелер және колданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастыру кезінде кабылданған есеп саясаты Топтың 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде колданылған саясатқа сәйкес келеді, тек бұған 2019 жылғы 1 кантарда күшіне енген жана стандарттар жатпайды. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген кандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын колданған жок.

Топ алғаш рет «Жалгерлік» 16-шы ХҚЕС-ін (IFRS) колданып отыр, ол бойынша бұрын тапсырылған қаржылық есептілікті кайта есептөу талап етіледі. 34-ші ХБЕС (IAS) талаптары бойынша осы өзгерістердің сипаты және асері туралы акпарат төменде ашылып көрсетілген.

2019 жылы Топ сонымен катар алғаш рет кейбір түзетулер мен түсіндірмелерді колданады, бірақ олар оның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне асер еткен жок.

##### «Жалгерлік» 16-шы ХҚЕС (IFRS)

16-шы ХҚЕС (IFRS) «Жалгерлік» 17-ші ХҚЕС-ін (IAS), ХҚЕТК (IFRIC) «Келісімде жалгерлік белгілерінің бар екенін анықтау» 4-ші Түсініктемесін, ТТК (SIC) «Операциялық жалгерлік – ынталандырулар» 15-ші Түсініктемесін және ТТК (SIC) «Жалгерліктің заңдық нысанына ие операциялардың мәнін анықтау» 27-ші Түсініктемесін өзімен ауыстырады. Стандартта жалгерлік туралы акпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттары белгіленген және жалға алушылардың бүкіл жалгерлік туралы шарттарын бейнелегендеге баланста есепке алуудың бірынғай үлгісін пайдалану талап етіледі.

Жалға беруші үшін 17-ші ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда 16-шы ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есепке алу тәртібі іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер жалгерлікті жіктегенде 17-ші ХҚЕС-тегі (IAS) сиякты дәл сол жіктеу қағидаттарын пайдаланады, бұл орайда олар жалгерліктің екі түрін: операциялық және қаржылық жалгерлікті бөліп көрсетеді. Осылайша, 16-шы ХҚЕС-тің (IFRS) колданылуы Топ жалға беруші болып табылатын жалгерлік шарттарының есебін жүргізуге асер еткен жок.

## **«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

### **2019 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДА АЯКТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

#### **2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)**

Топ алғаш рет колданған жана стандарттар, түсіндірмелер және колданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

##### **«Жалгерлік» 16-шы ХҚЕС (IFRS) (жалғасы)**

Топ 2019 жылғы 1 кантарда түрлендірілген ретроспективалы колдану әдісін пайдалану арқылы алғаш рет 16-шы ХҚЕС-ті (IFRS) колданды. Бұл әдіс бойынша, стандарт ретроспективалы түрде колданылып, алғаш рет колданылған күні оның алғаш рет колданылуының жиынтық әсері танылады. Бұл стандартта ауысқан кезде Топ практикалық сипаттағы оңайлатуды пайдалану туралы шешім кабылдады, ол алғаш колдану күнінде стандартты тек бұрын 17-ші ХҚЕС (IAS) және ХҚЕТК (IFRIC) 4-ші Түсініктемесін колдану арқылы жалгерлік шарттары деп сәйкестендірілген шарттарға ғана катысты колдануға мүмкіндік береді. Топ сонымен катар жалдау мерзімі жалгерлік басталған күні 12 айдан аспайтын және сатып алуға опцион камтылмаған (қыска мерзімлі жалгерлік) жалгерлік шарттары үшін, сондай-ақ базалық активтің құны төмен жалгерлік (құны төмен активтерді жалдау) шарттары үшін танудан босатуды пайдалану туралы шешім кабылдады.

2019 жылғы 1 кантардағы жағдай бойынша 16-шы ХҚЕС колданылуы Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жок.

##### **Жана есеп саясатының негізгі ережелері**

Төменде 16-шы ХҚЕС (IFRS) кабылдануы нәтижесіндегі, алғаш колданылған күннен бастап пайдаланылған Топтың жана есеп саясатының негізгі ережелері көрсетілген:

- Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ пайдалану құқығы нысанындағы активтерді жалгерлік басталған күні (яғни, базалық актив пайдалану үшін колжетімді болатын күні) таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жинакталған амортизация және құнсызданданудан жинакталған залал шегеріліп, жалгерлік бойынша міндеттемелер, жасалған бастапқы тікелей шығындар және жалгерлік басталған күні немесе ол күнге дейін жасалған жалгерлік төлемдері бойынша түзету жасалып, жалгерлік бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегеріліп, бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер Топтың жалгерлік мерзімінің сонында жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті дәрежеде сенімі болмаса, онда пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив мына кезеңдердің ен қысқасы: активтің пайдалы колданылуының болжамды мерзімі немесе жалгерлік мерзімі ішінде сзыбықтық әдіспен амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсызданды жағынан тексеріледі.

- Жалгерлік бойынша міндеттемелер

Жалгерлік басталған күні Топ жалгерлік бойынша міндеттемелерді таниды, олар жалгерлік мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалгерлік төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланады. Жалгерлік төлемдеріне жалгерлік бойынша алынатын кез келген ынталандыру төлемдері шегеріліп тиянакталған төлемдер (соның ішінде шын мәнінде тиянакталған төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты болатын құбылмалы жалгерлік төлемдері және болжам бойынша тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомалар кіреді. Жалгерлік төлемдеріне сонымен катар: егер Топ бұл опционды орындаудың бағасы кіреді, және егер жалгерлік мерзімі Топтың жалгерлікті токтатуға опционды әлеуетті түрде орындағының көрсетсе - жалгерлікті токтатканы үшін айыппұл төлемдері кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге байланысты емес құбылмалы жалгерлік төлемдері осындай төлемдердің жүзеге асырылуына алып келетін окига немесе жағдай бастаталын тиісті кезенде шығыстар ретінде танылады. Егер жалгерлік шартында тиянакталған пайыз мөлшерлемесін анықтау оңай болмаса, Топ жалгерлік төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін жалгерлік басталған күні косымша карыз қаражатын тартудың мөлшерлемесін пайдаланады. Жалгерлік басталған күннен кейін жалгерлік бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін бейнелеу үшін арттырылады, және жүзеге асырылған жалгерлік төлемдерін бейнелеу үшін азайтылады. Бұдан басқа, жалгерлік түрлендірілген, мерзімі өзгертілген, тиянакталған жалгерлік төлемдері шын мәнінде өзгертілген немесе базалық активті сатып алуға опционды бағалау өзгерген жағдайда, жалгерлік бойынша міндеттемелердің балансстық құнын қайта есептеу жүргізіледі.

## **«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДА АЯКТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

### **2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)**

Топ алғаш рет колданған жана стандарттар, түсіндірмелер және колданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

#### **«Жалгерлік» 16-шы ХКЕС (жалғасы)**

- Қыска мерзімді жалгерлік және құны төмен активтерді жалдау

Топ өзінің қыска мерзімді жалгерлік шарттарына (яғни көзделген жалдау мерзімі жалгерлік басталған күні 12 айдан аспайтын және сатып алуға опциян камтылмаған шарттарына) қыска мерзімді жалгерлікке катысты танудан босатуды колданады. Топ сонымен катар құны төмен активтерді жалдауға катысты танудан босатуды құны төмен болып есептелецін активтерін жалдау шарттарына колданып отыр. Қыска мерзімді жалгерлік және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалгерлік төлемдері жалгерлік мерзімінің ішінде сызықтық әдіспен шығыс ретінде танылады.

- Мерзімін ұзартуға опционы бар жалгерлік шарттарында жалгерлік мерзімін анықтау кезіндегі елеулі пайымдаулар

Топ жалгерлік мерзімін жалгерлік мерзімін ұзартуға опциян көзделген кезеңдермен бірге мерзімінен бұрын токтатуға жатпайтын жалгерлік кезеңі ретінде аныктайды - бұл орайда оның орындалатынына жеткілікті сенімділік болуға тиіс, немесе жалгерлік токтатуға опциян көзделген кезеңдермен бірге – бұл орайда оның орындалмайтынына жеткілікті дәрежеде сенімділік болуға тиіс.

Топ осы мерзімін ұзартуға опционды өзінің орындаудың жеткілікті дәрежеде сенімділіктің бар-жоғын анықтау үшін пайымдауды колданады. Бұл орайда ол жалгерлік мерзімін ұзартуға опционды орындауга экономикалық ынталандырудың пайда болуына алып келетін барлық орынды факторларды ескереді. Жалгерлік басталған күннен кейін Топ Топтың бакылауына жататын және оның жалгерлік мерзімін ұзартуға опционды орындау (немесе орындаамау) кабілетіне әсер ететін елеулі окиға туындаған немесе мән-жайлар өзгерген жағдайда (мысалы, бизнес-стратегияның өзгеруі) жалгерлік мерзімін кайталап бағалайды.

#### **ХКЕТК (IFRIC) «Пайдаға салынатын салықты есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік» 23-ши түсініктемесі**

Түсініктемеде салықты түсіндіруде аныксыздық орын алып, ол «Пайдаға салынатын салыктар» 12-ші ХКЕС (IAS) колдануға әсерін тигізетін жағдайда пайдаға салынатын салықтың есебін жүргізу тәртібі карастырылған. Түсініктеме 12-ші ХКЕС-тің (IAS) колданылу саласына жатпайтын салыктарға немесе алымдарға катысты колданылмайды, сондай-ак онда салықтың анық түсіндірілмеуіне байланысты пайыздар мен айыппұлдарға катысты ерекше талаптар камтылмаған. Атап айтканда, түсініктемеде мынадай мәселелер карастырылған:

- анық емес салық түсіндірмелерін ұйым жеке карастырады ма;
- салық органдарының салық түсіндірмелерін тексеруге катысты ұйым жасайтын долбарлар;
- салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық шығындарын, пайдаланылмаған салық женілдіктерін және салық мөлшерлемелерін ұйым калай аныктайды;
- фактілер мен мән-жайлардың өзгеруін ұйым калай карастырады.

Ұйым анық емес әр салық түсіндірмесін жеке-жеке немесе баска да анық емес салық түсіндірмелерінің біреуімен немесе бірнешеуімен бірге карастыру керектігін шешуге тиіс. Аныксыздықтың қандай нәтижемен шешілетінін жоғары дәрежедегі дәлдікпен болжауға мүмкіндік беретін тәсілдемен колдану кажет.

Топ пайдаға салынатын салықты есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік анықталған жағдайда елеулі пайымдауды колданады. Топ өзінің қызметін күрделі халықаралық ортада жүзеге асырып отырғандыктан, ол бұл түсініктеменің колданылуы Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететін-етпейтініне талдау жасады.

## **«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҮЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

### **2019 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

#### **2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)**

Топ алғаш рет колданған жана стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсініктемелерге түзетулер (жалғасы)

**ХҚЕТК (IFRIC) «Пайдага салынатын салықты есептегендеріне қатысты белгісіздік» 23-ші түсініктемесі (жалғасы)**

Түсініктемені колдану кезінде Топ онда әсіресе трансферттік баға белгілеуге қатысты қандай да бір анықталмаған салық түсіндірмелерінің бар-жоғын талдады. Компанияның және оның әр түрлі заңды хұқымдердегі еншілес ұйымдарының салық декларацияларына трансферттік баға белгілеуге байланысты шегерімдер кіреді, сейтіп салық органдары осы салық түсіндірмелеріне тексеру жүргізу мүмкін. Топ салық заңнамасының талаптарын орындағанда отырғанын ескеріп және трансферттік баға белгілеудің колданыстағы тәжірибесіне оның жүргізген талдауына негізделе отырып, Топ оның колданып отырған салық түсіндірмелерін (соның ішінде оның еншілес ұйымдары колданатын түсіндірмелерді) салық органдарының кабыл алуы ықтимал деген тұжырымға келді. Бұл түсініктеме Топтың аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жок.

**9-шы ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Әлеуетті мерзімінен бұрын отеу шарттар**

9-шы ХҚЕС бойынша борыш құралын амортизациялық құны бойынша немесе өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағалауга болады, осы орайда койылатын шарт, шартта көзделген акша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелетін пайыздардың есебіне жасалатын төлемакысы болып табылуға» тиіс («акша ағындары» критерий) және бұл құрал осындай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модель шенберінде ұсталуға тиіс. 9-шы ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерде түсіндірлігендей, қаржылық актив шарттың мерзімінен бұрын үзілүіне алып келетін оқиғаға немесе мән-жайға қарамастан, сондай-ак шарттың мерзімінен бұрын үзілүі үшін кай тараптың негізіді өтемакыны төлейтініне немесе алатынына қарамастан, «акша ағындары» критерийін канаттандырады. Бұл түзетулер Топтың аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жок.

**19-шы ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Бағдарламаға өзгертулер енгізу, бағдарламаны қыскарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді отеу»**

19-шы ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерде бағдарламаға өзгертулер енгізу, бағдарламаны қыскарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді отеу есепті кезең барысында іске асатын жағдайлардағы есеп жүргізу тәртібі қарастырылады. Түзетулерде түсіндірлігендей, бағдарламаға өзгертулер енгізу, бағдарламаны қыскарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді отеу жылдық есепті кезең барысында іске асатын жағдайда, ұйым бағдарламаға өзгертулер енгізгеннен, оны қыскартканнан немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді толық орындағаннан кейін кезеңнің калған бөлігіне қатысты ағымдағы кезеңде көрсетілетін қызметтердің құныны анықтауға тиіс, осы орайда ол бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйакыны бейнелейтін, төлемдері белгіленген бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) және бұл оқиғадан кейін бағдарламаның активтін кайта бағалау үшін пайдаланылған актуарлық долбарларға негізделуға тиіс. Ұйым сонымен катар бағдарлама өзгерістер енгізілгеннен, ол қыскартылғаннан немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтегеннен кейін, бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйакыны бейнелейтін, төлемдері белгіленген бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) және бұл оқиғадан кейінгі бағдарламаның активтерін, сондай-ак төлемдері белгіленген бағдарламаның осы таза міндеттемесін (активін) кайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып кезеңнің калған бөлігіне қатысты пайыздардың таза шамасын айқындауға тиіс.

Бұл түзетулер Топтың аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жок, өйткені есепті кезеңде бағдарламаны өзгерту, оны қыскарту немесе ол бойынша міндеттемелерді отеу жүргізілген жок.

## **«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

### **2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)**

Топ алғаш рет колданған жана стандарттар, түсіндірмелер және колданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

**28-ші ХКЕС-ке (IAS) түзетулер: «Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарга ұзак мерзімді салымдар»**

